

УДК 616.718.42-001.5-089

**E. A. Жармұхамбетов**

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасы

Алматы қ.

**ОРТАН ЖІЛІК МОЙНЫ МЕН ЖАЛҒАН БУЫНДАР СЫНЫҒЫН  
ХИРУРГИЯЛЫҚ ЕМДЕУ ТӘСІЛІ****ТҮЙІН**

Карт адамдарға (65 жастан 100-ге дейін) және егде жастағы 52 науқастың үршықбуыны эндопротезінің соңы зерттелді. Ауруханаға түскен кезде 48 пациенттің ортан жілік мойны сынығы, ал 4-нің жалған буындар сынығы диагностикаланды. Операцияға дейінгі кезеңде (18 ай бұрын) тексерілген науқастардың көпшілігі (96,2%) жақсы нәтиже тобында болғанын көрсетті.

**Түйінді сөздер:** егде жас, үршықбуын эндопротезі, бұрынғы нәтижелер, қызметті бағалау, өмір сапасы.

**Е** где және кәрі жаста ортан жілік мойның сынығын емдеу айтарлықтай жиі және күрделі болып табылады. Қазіргі уақытта жамбас буынын эндопротездеуге ерекше көңіл белінуде [1-3].

Жамбас буынын эндопротездеу емделушіні ауырсынудан құтқарып, аяқ-қолдың тірек қызметін қалпына келтіріп қана қоймайды, гипостатикалық асқынулар - пневмонияны, емделушілерді уақытынан бұрын белсендендіру және оналту салдарынан болатын ойыруды болдырмауға, сондай-ақ қысқа мерзім ішінде науқастардың белсенді өмір сүруіне мүмкіндік береді. Осылан орай, ортан жілік мойның сынығы кезінде егде жастағы науқастардың жамбас сүйегін бастапқы эндопротездеу емдеуге жатқызудан кейін барынша ерте уақытта жасалады. Эндопротездеу тәсілін таңдау кезде науқастың жасы мен жамбас буынындағы дегенеративті үдерістердің болу деңгейі ескеріледі [4,5].

Жұмыстың максаты - эндопротездеу әдісі арқылы ортан жілік мойны мен жалған буындар сынығын емдеудің тиімділігін бағалау.

Материалдары мен әдістері. КР ПІБ МО ОҚА-ның травматология, ортопедия және нейрохирургия белімшесінде егде және кәрі жастағы емделушілерге (34 әйел және 18 ерадам) жамбас буынын эндопротездеудің 52 операциисы жасалды. Орташа жас 83 (65-тен 100 жасқа

дейін) болды, оның 75%-ы - 75 жастан асқан емделушілер. Ауруханаға түскен кезде 48 емделушіде жамбас сүйегінің, 4-үндегі жалған буын сынығы диагностикаланды.

Барлық емделушілерге жамбас буынын бастапқы эндопротездеу жасалды, осыған орай, 5екі - жақты, 14 - тотальді, 38 емделушіге биполярлы эндопротездеу жасалды. Көп жағдайда (48) Страйкер, ал қалған жағдайларда Де-Пью жамбас эндопротездері қолданылды.

Ортан жілік мойның жаңадан сынған субкапитальді сынығы және артроз белгілерінің болмауы кезінде субтотальді (биополярлы) эндопротездеу таңдалды. Үршықbastың ойысында дегенеративті өзгерістері бар және салауатты өмір салтын ұстанатын егде жастағы емделушілерге тотальді эндопротездеу жасау негізді деп есептеді. Цемент эндопротездерін қолдану туралы мәселе Singh остеопороз индексімен анықталды. 3-5-денгейдегі остеопорозды анықтау сүйек цементтің қолдануға арналған көрсеткіш болды.

Жұмыс барысында нозологияға, ілеспелі ауруларға, жергілікті статусқа, дәрі-дәрмек терапиясына және анестезиологиялық қауіп деңгейіне байланысты жамбас буынын эндопротездеудің көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдері айқындалды.

Эндопротездеу жүргізу үшін қарсы көрсетілім - соматикалық, аурулардың декомпенсация

каупінің жоғары сатысы, ілеспелі патология және психикалық патология.

Науқасты операцияға дейінгі дайындықта - ілеспелі ауруларды соматикалық емдеу; ішкі инфузиялық терапия; бактерияға қарсы терапия; тромбыға қарсы терапия; гипостатиялық асқынудардың алдын алу денесін ойылып қалуын болдырмау үшін тері күтімі кірді. Ерте шұғыл әрекет жасау науқастың жылдам сауығып кетуіне мүмкіндік берді. Шұғыл әрекет жасау мерзімі жүрек-қантамырлық және тыныс алу жүйелерінің ауруларына байланысты жалпы жағдайы ауыр науқастарда ұзарып кетті.

Операция эпидуральді анестезия арқылы жасалды. Науқас операция үстеліне сау жамбасымен жатқызылды. Операция үстелінің үстінгі бетін бойлай шығып кету немесе оның дистальді ұшын орына келтіру кезінде операция жасалатын аяқтың стерильсізденуін болдырмау үшін екі қабатталған "қалта" стерильді ақжайма төседі.

Жамбас сүйек буындарын эндопротездеу үшін біз көбінесе Хардингтің бүйірден тілү әдісін қолданық. Бұл тіліктің артықшылығы аз жарақаттайты, қан аз кетеді және тез орындалады. Бұл ретте ірі қан тамырлары зақымдалған жоқ, үлкен ұршық пен бұлышқет бекуі сақталды, буынды тексеріп көруге, жамбас сүйек басын алып тастауга және эндопротезді енгізуге жағдай жасалды.

Операция жасалған барлық науқастар жаракатқа түсінікпен қарады. Эндопротездің түріне қарамастан, операция кезіндегі және имплантациялық кезеңдегі екі күн ішінде қан кету шамамен 600 мл болды.

Науқастар операциядан кейін 2-3 күн арқасымен жатып және аяқтарының арасына жастық қоя отырып төсекте жату режимін сақтады, 2-тәуліктен бастап тыныс алу гимнастикасы, төсекте отыру, операция жасалған аяқ буындарын пассивті қозғалту және операция жасалмаған аяқты белсенді түрде бұту белгіленді. 3-5 күннен кейін емделушілер операция жасалған аяқта салмақ салмай, күн сайын журу уақытын қөбейте отырып балдақпен жүре бастады. Операция жасалған аяқта мөлшерлі салмақ салу 10-күннен бастап, ал 6-7 аптада толық салмақ салуға рұқсат етілді.

Ауруханадан шыққаннан кейін барлық операция жасалған науқастар бақылауда болды. Емдеудің алыстатылған нәтижелерін зерттеу кезінде тексерудің клиникалық, рентгенология-

лық және биомеханикалық әдістері қолданылған. Операция жасалған буынның соңғы рентгенограммасы операциядан кейін үш, алты айдан және бір жылдан кейін жасалған. Алыстатылған нәтижелерді бақылаудың орта мерзімі 18 айды құрады. Эндопротездеу тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде операция жасалған буындағы аурудың барына және үдемелілігіне 3 және 6 айдан кейін 10 балдық шкала бойынша бағалау жүргізді. 18 науқас орташа және болмашы ауруға шағымданған. Бұл ретте, 7 (13,7 %) емделушіде жай (1-2 балл), 5 (9 %) бірқалыпты эпизодикалық (3-4) және 5 (9 %) (5-6 балл) бірқалыпты ауырсыну байқалған. Қосымша тіректі 36 (68%) пайдаланбаған, ал 16 (32 %) - кейде ғана пайдаланған.

Жамбас буынның қызметін бағалау Харрис критериялары бойынша жүргізілген, соған сәйкес тамаша нәтиже – 90-100 баллға, жақсысы – 80-89, қанағаттанарлық – 70-79 және қанағаттанарлықсыз нәтиже 70 балдан аз болды. Алынған нәтижелер төмендегі кестеде көлтірілген.

#### Эндопротездеуден кейінгі науқастарда жамбас буынның қызметін бағалау

| Көрсеткіш атауы | Емдеу нәтижесі (баллмен) |                      |                        |                                       |             |
|-----------------|--------------------------|----------------------|------------------------|---------------------------------------|-------------|
|                 | Тамаша нәтиже (90-100)   | Жақсы нәтиже (89-80) | Қанағаттанаңыз (70-79) | Қанағаттанарлықсыз (69 және одан кем) | Орташа мәні |
| Бақылау саны    | 45                       | 5                    | 2                      | –                                     | 52          |
| %               | 86,5                     | 9,7                  | 3,8                    | –                                     | 100         |

Осы кестені талдау операциядан кейінгі алыстатылған кезеңде тексерілген науқастардың көпшілігі (96,2%) жақсы нәтиже көрсеткен топта болғандығын көрсетті.

Науқастардың өмір сапасын бағалау авторлас D.Whalley әдістемесі бойынша жүргізді [5]. Бұл жағдайда операцияға дейінгі деңгейімен салыстырғанда он жауаптар саны 1.4 есеге азайды, бұл жамбас буыны эндопротездерген науқастардың өмір сапасының жақсарғандығын көрсетеді.

**Қорытынды:** Осылайша ортан жілік мойнының және жалған буындардың сынуы кезінде түрлі конструкциядағы эндопротездерді пайдалану аяқтың тірек қызметін ерте кезеңде қалпына келтіруге және медициналық оңалу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Загородний Н. В., Фурдюк В. В. Эндопротезирование тазобедренного сустава. Актуальные проблемы вертебрологии и артрологии: Руководство для врачей. - Ташкент, 2001. - С. 72-74.
- 2 Лиричман В. М., Зоря В. И., Гнетеуцкий С. Ф. Проблемы лечения переломов шейки бедра на рубеже столетий // Вестник травматол. и ортопедии. - 1997. - № 2. - С. 12-18.
- 3 Родионова С. С., Лазарев А. Ф., Николаев А. П., Солод Э. И. Переломы проксимального отдела бедренной кости у пожилых и старых людей: злой рок или закономерность // Клин. геронтология. - 1998. - № 4. - С. 25-28.
- 4 Сергеев С. В. Выбор оптимальных методов оперативного лечения переломов шейки бедренной кости: автореф.... докт. мед. наук. - М., 1996. - 34 с.
- 5 Шевченко Ю. Л., Стойко Ю. М., Ломакин А. Г. и др. К вопросу эндопротезирования крупных суставов в рамках высокотехнологичной медицинской помощи // Сб. тез. IX съезда травматологов-ортопедов. - Саратов: «Научная книга», 2010. - Т. 2. - С. 557-558.

## АННОТАЦИЯ

Изучены исходы эндопротезирования тазобедренного сустава у 52 больных пожилого и старческого возраста (65-100 лет). При поступлении у 48 пациентов был диагностирован перелом шейки бедренной кости, у 4 - ложный сустав. В отдаленном (18 месяцев) послеоперационном периоде большинство (96,2 %) обследованных больных оказались в группе с хорошими результатами.

**Ключевые слова:** пожилой возраст, эндопротезирование тазобедренного сустава, отдаленные результаты, оценка функции, качество жизни.

## SUMMARY

The outcomes of hip replacement in 52 patients of middle and old age (65 to 100 year old) are studied. At admission, there were 48 patients with fracture of the femoral neck, and 4 patients with false joint. In the long postoperative period (18 months), most patients (96.2 %) showed good results.

**Key words:** old age, hip replacement, long-term results, evaluation of function, quality of life.